БЕКІТЕМІН
Қызылорда қаласы әкімінің
орынбасары
Е.Турабаев
_____ 2026 жыл

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, нашақорлықтың, лудоманияның, зорлық-зомбылықтың, интернет-алаяқтық пен вандализмнің алдын алу және «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған бірлескен ведомствоаралық

ІС-ШАРА ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мазмұны, күтілетін нәтиже	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар
		І. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ			
1	Іс-шара жоспарын әзірлеу	Білім алушылардың заңға бағынатын мінез-құлқын және құқықтық мәдениетін қалыптастыру	2026 жылғы тамыз	Іс-шара жоспары	Білім бөлімі
2	«Ақпараттық толқын» (мектепішілік медиа-профилактика) Кәмелетке толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің және интернет-алаяқтықтың алдын алу мақсатында мектепішілік ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізу. Қалалық полиция басқармасысмен бірлесіп бейнеролик және инфографикалар әзірлеу. Оқушылардың өздері түсірген әлеуметтік бейнероликтер мен плакаттар мектептің ресми парақшаларында	Кәмелетке толмағандардың заңға мойынұсынушылық мінез-құлқын қалыптастыру	2026-2027 оқу жылы ішінде	Профилактика	Мектеп директорлары Қалалық полиция басқармасы *(келісім бойынша)*

	#АқпараттықТолқын #ЗаңМенТәртіп хэштегтерімен профилактикалық бейнелер мен постерлерді тарату.				
3	Жергілікті прокуратура, полиция және қоғамдық даму бөлімдерімен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың, лудоманияның, вандализмнің, буллингтің, кибербуллинг пен интернет-алаяқтықтың құқықтық салдары туралы бірлескен түсіндірме шаралары	Құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізу арқылы заңды құрметтейтін белсенді қоғам мүшесін қалыптастыру	2026-2027 оқу жылы ішінде *(әр тоқсан сайын)*	Түсіндірме жұмыстары	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева, М.Орынбаев)* Мектеп директорлары Қызылорда қаласының прокуратурасы *(келісім бойынша)* Қалалық полиция басқармасы *(келісім бойынша)* Қоғамдық даму бөлімі *(келісім бойынша)*
4	Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлығын және оларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу	Салауатты өмір салтын насихаттау және профилактикалық іс-шараларды күшейту	2026-2027 оқу жылы ішінде *(әр тоқсан сайын, үздіксіз)*	Консультациялар, профилактикалық түсіндірмелер	Білім бөлімі *(А.Мұратбаева, А.Мурзалиева)* Мектеп директорлары
5	Білім беру ұйымдарында ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен құқықтық сауаттылықты арттыру және лудоманияның қауіптілігі туралы семинарлар мен тренингтер	Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, лудоманияның зардабын ұғындыру	2026-2027 оқу жылы ішінде *(әр тоқсан сайын, үздіксіз)*	Семинар, тренинг	Мектеп директорлары Қоғамдық даму бөлімі
6	Ойын-сауық және кәмелетке толмағандар көп шоғырланатын қоғамдық орындарда түнгі уақытта профилактикалық рейдтер мен қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары	Профилактикалық жұмыстың тиімділігін күшейту арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу	2026-2027 оқу жылы ішінде	Рейд, түсіндірме	Қалалық полиция басқармасы *(келісім бойынша)* Білім бөлімі *(А.Мурзалиева)* Мектеп директорлары
7	Құқық бұзушылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, нашақорлықтың, лудоманияның, зорлық-зомбылықтың, интернет-алаяқтықтың, вандализм мен деструктивті діни ағымдардың теріс әсері бойынша эссе	Жастардың құқықтық және діни сауаттылығын арттыру, лудомания мен есірткіге тәуелділіктің зияны туралы түсінік қалыптастыру	2026-2027 оқу жылының I тоқсаны	Эссе	Білім бөлімі *(М.Орынбаев, А.Мурзалиева)*
8	ҚР Оқу-ағарту министрінің №398 бұйрығына сәйкес әлеуметтік жағдайы	Есепте тұрған балаларды құқық бұзушылыққа бейімділіктен	2026 жылғы 15	Тізім	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева)*

	төмен, девиантты мінез-құлқы бар, тәуекел тобындағы және ерекше назар аударуды қажет ететін балаларды спорттық, мәдени және көпшілік іс-шараларға тарту, үйірмелермен қамту *(Ішкі істер органдарының (ІІО) есебіндегі, сондай-ақ мектепішілік/колледжішілік бақылаудағы білім алушылардың тізімін жазғы кезеңнен кейін қайта қарау, олардың әлеуметтік-психологиялық жағдайына талдау жүргізу және тәртібінде оң өзгерістері бар балаларды есептен шығару немесе жаңадан тіркелгендерді жеке профилактикалық жұмыс жоспарына енгізу арқылы есептік базаны жаңалау)*	арылтып, қоғамның белсенді азаматы ретінде қалыптастыру	қыркүйек		Қалалық спорт бөлімі *(келісім бойынша)* Мектеп директорлары
9	Білім беру ұйымдарының инженерлік-техникалық жарақтандырылуын зерделеу, қорытындысы бойынша талдамалық ақпарат әзірлеу	Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2026-2027 оқу жылы ішінде *(әр тоқсан сайын)*	Зерделеу	Білім бөлімі *(М.Орынбаев)* Қалалық полиция басқармасы *(келісім бойынша)*
10	Өгей әкесімен және өгей анасымен тұратын оқушылар тізімін қалыптастыру	Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу және құқық бұзушылықтардың ықтимал тәуекелдерін анықтау	2026-2027 оқу жылы *(әр айдың 15-не дейін нақтылау)*	Білім бөліміне белгіленген тәртіппен мерзімінде тізім ұсыну	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева, М.Есенгелдинова, Н.Амантаев)*
11	Педагогтерді құқық бұзушылық, лудомания, нашақорлық, зорлық-зомбылық, вандализм, буллинг, кибербуллинг, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары бойынша біліктілік арттыру курстарына қатыстыру	Педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыру арқылы жұмыс сапасын жақсарту	2026-2027 оқу жылы ішінде	Курс	Білім бөлімі *(Г.Алдабергенова)*

III. НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР					
1	Мектепте «Жас заңгер» құқықтық кабинетін ашу	Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық қорғау саласы мамандығына қызығушылығын ояту	2026 жылғы 30 қыркүйек	Білім бөліміне ұсыныс беру	Мектеп директорлары
2	«Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету мақсатында түрлі форматтағы ауқымды іс-шаралар	Қазан – № 1,2,3,4,5, 253,257, Қараша– №6,7,8,9,10,261,264,296 Желтоқсан– №12,15,23,39,43,267, 268,297 Қаңтар – №101,112,120,128,136, 271, 278 Ақпан – № 138,140,143,144,145, 280,282 Наурыз – № 171, 172,173,175,176, 285,287, Сәуір – 178,179,187,189,197,198, 211,290,295 Мамыр – 212, 215,217,218,222, 233,235	2026-2027 оқу жылы ішінде	Іс-шара	Мектеп директорлары
3	«Ашық ведомство» Жоғары сынып оқушылары сот, прокуратура және полиция департаменті қызметтерімен таныстыру	Білім алушылардың құқық органдары қызметіне қызығушылығын ояту, құрметін арттыру	2026-2027 оқу жылы ішінде	Экскурсия	Мектеп директорлары
4	«Мектеп театры» жобасының мектепішілік кезеңі *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары шеңберінде)*	Сахна өнері арқылы оқушыларды ізгілікке, мейірімділікке баулу	2026 жылғы қазан	Сахналық қойылым	Мектеп директорлары

5	«Мектеп театры» жобасының қалалық кезеңі *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары шеңберінде)*	Сахна өнері арқылы оқушыларды ізгілікке, мейірімділікке баулу	2026 жылғы қараша	Сахналық қойылым	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева, М.Орынбаев)*
6	«Бірлік алаңы» «Заң және тәртіп» қағидаты аясында мектепішілік және қалалық кіші футбол турнирі	Құқық бұзушылыққа жол бермеу және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған жауапты азаматтық ұстанымды нығайту	2026 жылғы қазан айының үшінші онкүндігі	Турнир	Білім бөлімі *(М.Орынбаев)* Мектеп директорлары
7	«Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар» Мектепішілік және қалалық оқушылар айтысы	Білім алушылардың рухани-мәдени дүниетанымын кеңейту, әдебиетке, өнерге және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру арқылы құқықтық мәдениет қалыптастыру	2026 жылғы қараша-желтоқсан	Айтыс	Білім бөлімі (А.Қалжанова) № 264,267 мектеп директорлары Өнер мектебі
8	«Баланы бірге қорғайық» психологтар және құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен ата-аналар форумы	Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, жауапкершіліктерін күшейту	2026 жылғы желтоқсан	Форум	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева, А.Мұратбаева)* Қалалық полиция басқармасы *(келісім бойынша)*
9	«Адалдық алаңы» «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету мақсатында мектепішілік және қалалық сурет байқауы *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллинг пен интернет-алаяқтықтың алдын алу тақырыптары бойынша)*	Кәмелетке толмағандардың мәдени болмысын қалыптастыру, әділдік және адалдық қағидаттарын визуалды бейнелер арқылы білім алушылардың бойына сіңіру	2026 ж. желтоқсан-2027 ж. қаңтар айының алғашқы онкүндігі	Байқау	Білім бөлімі *(Х.Елтаева)* Мектеп басшылары Өнер мектебі
10	«Жігіт сұлтаны – 2027: тәртіп, күш, жігер» мектепішілік байқау	Білім алушылардың ұлттық құндылықтарға құрметін арттыру, мәдениеттілікке, жауапкершілікке және тәртіпке баулу	2027 жылғы қаңтар айының үшінші онкүндігі	Байқау	Мектеп директорлары

11	«Жігіт сұлтаны – 2027: тәртіп, күш, жігер» қалалық байқау	Білім алушылардың ұлттық құндылықтарға құрметін арттыру, мәдениеттілікке, жауапкершілікке және тәртіпке баулу	2027 жылғы ақпан айының алғашқы онкүндігі	Байқау	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева)*
12	«Заң және Біз» Болашақ заңгерлер мен тәртіп сақшыларының квиз сайысы	Оқушыларға заңды «жазалау құралы» емес, «өзін қорғау құралы» ретінде түсіндіру. Өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғындыру. Кез келген теріс әрекеттің *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллинг пен интернет-алаяқтықтың алдын алу тақырыптары бойынша)* соңы заң алдында жауап беруге әкелетінін түсіндіріп, құқық бұзушылықтан саналы түрде бас тартуға үйрету	2027 жылғы ақпан	Квиз	Мектеп директорлары
13	«Адал ұрпақ – кауіпсіз қоғам» Мектепішілік және қалалық поэзия фестивалі	Білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру	2027 жылғы Ақпан-наурыз	Фестиваль	Білім бөлімі *(А.Калжанова)* Мектеп директорлары
14	«Заң және тәртіп»Дебат турнирінің мектепішілік, кезеңі *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары шеңберінде)*	Оқушылар мен студенттердің құқықтық мәдениетін жаңа деңгейге көтеріп, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді талдау және шешім ұсыну дағдыларын үйрету	2027 жылғы Ақпан-наурыз	Дебат	Мектеп директорлары
15	«Заң және тәртіп» Дебат турнирінің қалалық кезеңі *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың*	Оқушылар мен студенттердің құқықтық мәдениетін жаңа деңгейге көтеріп, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді талдау және шешім ұсыну дағдыларын үйрету	2027 жылғы сәуір	Дебат	Білім бөлімі *(А.Мурзалиева)* Абай атындағы ДБА мектебі

	алдын алу тақырыптары шеңберінде)				
16	«Tartyl Fest – күш пен тәртіп» спорттық фестивалі	Жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттырып, позитивті орта қалыптастыру	2027 жылғы сәуір	Фестиваль	Білім бөлімі *(М.Орынбаев)*
17	Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің және интернет-алаяқтықтың алдын алуға бағытталған әлеуметтік бейнеролик байқауы	Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, есірткіге жол бермеу	2026-2027 оқу жылында	Байқау	Қалалық полиция басқармасы *(келісім бойынша)* Мектеп директорлары
	III. АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ				
1	Өткізілген іс-шараларды жергілікті телеарналарда, баспа БАҚ-та, әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарда ақпараттандыру	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, білім алушыларды заңды құрметтейтін азамат ретінде қалыптастыру және «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету	Мерзімінде	Сілтеме	Мектеп директорлары